



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен және "Мемлекет тарихы институты" мемлекеттік мекемесімен ықпалдастық байланыста шығарылады

# АЗАҚ



№7-8  
(146-147), 2016



ғылыми-әдістемелік журнал

# ТАРИХЫ



**Н.Я.Третьяков.**  
**«Ш.Уәлихановтың портреті».**

ҚР МӨМ қорынан. КП 17229/4.  
Бірінші рет жариялануы.

E-mail: [kaztar62@mail.ru](mailto:kaztar62@mail.ru)

Тел/факс: 8 (727) 249-27-93

Біздің сайт: [Kaztar.kz](http://Kaztar.kz)

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім  
министрлігінде 2002 жылы  
3-мамырда тіркеліп,  
№2904-Ж куәлік берілген

## ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Үш айда екі рет шығатын  
республикалық ғылыми-  
әдістемелік журнал

№7-8 (146, 147),  
ҚАЗАН-ЖЕЛТОҚСАН  
МІЛӘДИ – 2016,  
ҚАЗАҚША – МЕШІН ЖЫЛЫ  
1993 жылдың шілде  
айынан бастал шығады

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

### МАЗМУНЫ

Нурсан Алимбай. «Думать о прошедшем, заботиться о настоящем».....	2
Рәбиға Сыздық. Шоқанның тілтанымдық тұлғасы.....	6
Болат Комаков. История изучения термина и этнонима «қазақ» и Ч.Валиханов.....	11
Меруерт Әбусейітова. Шоқанның сегіз томдық жинағын жариялау.....	14
✓ Нұргелді Уәли. «Сағымға садақ ілдірген».....	19
Айболат Кушқумбаев. Ч.Валиханов и некоторые вопросы изучения истории Золотой Орды.....	25
Абдибек Бимендиев. Чокан Валиханов о «великой шапке» и «тронном месте».....	27
Аманжол Қалыш. Солтүстік Қазақстанға қырғыздардың қоныстануы.....	31
Самат Өтениязов. Ш.Уәлиханов және қазақ елі бодандығы.....	32
✓ Күләт Сихымбаева. Ш.Уәлиханов еңбектеріндегі антропологиялық тұжырымдар.....	35
Бақытжан Өзібаева. Шоқан – Отандық фольклортанудың негізін салушы.....	37
Гүлнар Өбікеева. Қазақ киносындағы Шоқан бейнесі.....	40
Жанғара Дәдебаев. Шоқан Уәлиханов.....	42
Марат Сембі. «Аулым қонған Сырымбет саласына».....	45
Сәуле Өбішева. «Алтынемел» музейінің құрылуы мен экспозициясы.....	47
Нурсан Өлімбай. Қазақ кісесі: зерттелуі, құрылымы, типологиясы, функциясы (Шоқан Уәлиханов еңбегінің қисыны тұрғысынан).....	50
Қалиолла Ахметжан. Қазақ мылтықтары туралы деректер.....	64
✓ Бейбітқали Қақабаев. Ақу ішік (ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорындағы ақу терісінен тігілген бірегей киім жөнінде).....	67
Сураған Рахметұлы. Түркі-моңғолдардың тарихи-мәдени байланыстары.....	70
Қарашаш Алпысбаева. Шоқан Уәлиханов және халық мұрасы.....	73
✓ Рүстембек Шойбеков. Тұмар және оның кейбір түрлері.....	75
Әділғазы Қайырбеков. Шоқан шыққан шың.....	78
С.Гүлбахрам Молотова, Эльвира Молотова. Устные и письменные источники.....	80
С.Құсайынов, Ө.Сағымбай Қазақтың феномені – Шоқан Уәлиханов.....	82
Аманкелді Мұқан. Шоқанның сахнадағы келбеті.....	84
✓ Жалаладин Шайкен. Проблемы мемориальных памятников.....	86
Б.Бекманов, Э.Хусаинова, Л.Жансүгірова. Қазақтардағы у-хромосоманың өзгеріштігі.....	92
Рашид Оразов. Кенесары хан бастаған азаттық күрес.....	94
✓ Берік Аташ, Жасұлан Белтенев. Шоқанның тұлғалық және шығармашылық болмысы.....	96
✓ Мәстұра Сатыбалдиева. Шоқан Уәлиханов еңбектеріндегі тарихи-археологиялық және сәулет ескерткіштері мәселелері.....	98
✓ Қыдыр Нұрғожа. Үкі және ұдаяқ.....	101
✓ Тимур Болсынбек. Иісі жұпар аңрып жыңғыл өссе.....	103
✓ Орынбасар Өлім, Тамара Жұмалиева. Сырғалақ – құр тоқу құралы.....	105
✓ Жұмақадыр Исабеков. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығар».....	107
Қазанама.....	109
2016 жылы журналда жарияланған мақалалар тізімі.....	111

# ИІСІ ЖҰПАР АҢҚЫП ЖЫҢҒЫЛ ӨССЕ...

(жыңғылдың тұрмыс пен шаруашылықта қолданылуы туралы)

Тимур БОЛСЫНБЕК,  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
Орталық музейінің ғылыми қызметкері

Қазақтың құлама галымы Шоқан Уәлиханов сапарға шыққан кездерінде өзі жүріп өткен жерлердің жер-суына, тау-тағасына, өсімдік әлеміне де ерекше мән беріп, қағазға түсіріп отырған. Мысалы, Іле өзенінің бастау алатын тұсынан Балқаш көліне дейінгі аралықты зерттегенде онда алма, ерік, қарақат, қызыл, қарағай, үйеңкі, терек, шіл, тал, қамыс, қоға, жиде, қарағаш, сексеуіл, шик, шенгел және осы мақалаға арнау болып отырған жыңғылдың өсетінін кейіннен айтып өтеді [1, 84-94-бб.].

**Жыңғыл** – шөлді-шөлейтті жерлерде, өзен бойында өсетін, шыбықтары аса жуан емес, ұсақ жалырақты бұта. Жыңғылдың үш-бес жылдық «балашықтарының» биіктігі бір құлаштан екі жарым құлашқа дейін еседі. Ал он бес – жиырма жылдық «жасамыстарының» биіктігі екі-үш құлаш шамасында болады. Жыңғыл шыбынының түсі қою қызыл, кейде сарғыш қызыл, ал гүлінің түсі ақ, алқызыл болып келеді. Жыңғыл күннің көзі қызыған мамыр айынан бастап, қуа айналып басына дейін гүлдәйді. Жыңғылдың жұпар иісі аңқып гүлдеген осы бір шағын қазақтың белгілі ақылы Сырбай Мауленов:

*Жұпары жыңғылдардың қаламырдай,*

*Құмарың бір іскісе қанатындай.*

*Көре ашық көкірегің сол құладары*

*Жұтады ертелі-кеш дала тымбай – деп өзінің өлең жолдарына қосады [2, 80-8].*

Зерттеуші Е.Б. Бекмұхаметов «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» атты түсіндірме сөздігінде жыңғыл атауын парсының дікәнал деген сөзінен өнген деп жазады [3, 75-6].

Жыңғыл гүлінің шырынына аралар үйір болады. Өсірсе, жаңа гүлдеген жыңғыл тозандарында ақуыз көк болғандықтан, гүлінің шырыны –аралар үшін таттырамайтын азық. Бұл кезеңде омарташылар да (жөргілікті жерлерде оларды балшықтар деп те атайды) бал араларының гүл шырынын жинауы үшін омартаңы жыңғылды жерге өкіліп қоятын болған.

Шоқан Уәлиханов жаңғылды, шөлейтті өңірлер өзінің қайталанбас көкіреміз жөргілікті жердің табиғатын аңғартадырды, дала көрін аша түспді деп жазады [4, 378-6.]. Маңғыстау өңірінде де жыңғыл өсетіндіктен, зерттеуші Басым Өзрхановта халық танымдағы жыңғылдың қасиеті жайлы мынадай мәлімет береді: «Жаздың екінші жартысындағы қатты ыстықта жыңғыл бұтақтарынан «түз бөліну» делінетін ерекше құбылыс басталады. Жыңғыл күндіз ақ түсіне түз кристалдарын жамылған күлбе тұрады да, күшке қарап бойына ылағал тартқан түздің асорінен өле адым тұрае енеді. Сөйтіп жыңғыл сүреңсіз өңірсе өзінің ақылы немесе қызғылт түсі қалың өскен нәзік гүлдерімен көркем рең береді» [5, 7-6].

Жыңғыл жазда шөлді-шөлейтті жерлердің көшпелі құмын ұстаса, қыс мезгілінде қар тоқтатады. Қатты жел, дауыл, боран кездерінде малшы қауымға жыңғылды өңір ық болады.

**Жыңғыл – көз келген күн рашына төзімді.** Сексеуіл, шенгел, жыңғыл өсетін өңірлер қырауыл, дүдақ, құр, кик, қасқыр, түлкі, жылан, көсіртке, құмырсқа, тасбақа, шыбын-шірейді сияқты түрлі

жабайы аң-қус, жөндіктердің тіршілік етуіне қрайлы жерлер болып табылады. Жыңғылды гүлдеген, өсіп тұрған кезінде мал жемейді, өйткені ұланып қалады. Тек, қазанның қара суығы ұрып, жерге, суға зіл түскенде ғана түде, қор-ешкі жеп ашылайды. Алайда көп жаса, ауыз құйсын (тілін) күлдіретіп жібереді. Ондайда жыңғылдың жіңішке шырпы ұлпағын жегізе, күлдіргенінен тез қазылады.

**Жыңғылы көп өсетін өңірлердің тұрғындары тұрмыс пен шаруашылықта жыңғылды ерте кезден бері кеңінен пайдаланып келеді.** Жыңғылды отын ретінде күздің алғы, қыстың басында, тоғайдан бағтаммен шауып өкіліп үй маңына жеткілікті мөлшерде жинап алады. Жыңғылдың басқа мезгілдерінде жыңғыл өкпел тұратындығын және даладағы басқа да тіршілік иелеріне обал деп, лажи болса, оны шалпауға тырсады [6, 556-6.]. Жыңғылдың ұсынған немесе шырпысын жанған кезде бойында қызу мол сексеуіл, жиде сияқты отын түрлеріне таманық ретінде де қолданады. Жыңғыл шырпысы тез тұтанып жанатын болғандықтан, оны бауырсақ піркенде, өптігі жаймасын сапарда жалпыдақ отын ретінде пайдаланады. Сонымен қатар, шаруашылықта жыңғыл бұтақтарынан үйдің қора-қолының өлістік ақпараттарының, бау-бақшаның айналсын қоршаған.

Алматы облысына жасалған этнографиялық экспедиция барысында жыңғылмен үй айналасын қалай қоршайтыны туралы мәліметті Балқаш ауданы, Ақдала ауылының тұрғыны, ардагер ұстаз Нұрғазы Болсынбековтен алдық. Мәлімет беруші былай дейді: «Жыңғылмен үйдің айналасын қоршау үшін, тоғайдан бірнелік тауу жыңғыл шыбықтары шыбылып дайындалады. Жыңғылдардың ұзындығын екі құлаш келеміндей өтіп өлшеп алып жаңғырыққа қойып шауып шығады. Бұдан соң қоршалатын жерлер белгіленіп алынады да, әр жерден қоршау биіктігіндей өтіп, жерге жуан келеген бірнеше дірек (қада) орнатылады. Діректердің төменіне, ортаңғы және жоғарғы тұстарынан сырқытар көлденеінін байланып белдеуленеді. Бұдан соң маңағы шыбылған жыңғыл шыбықтарын белдеу ағаштардың арғы-бергі жағынан нығыздап түдіреп өткізіп шығады».

Үй айналасын жыңғылмен қоршап шаудың тағы бір тәсілі бар. Бұл тәсілде, жыңғыл жоғарыда айтылғандай тігінен емес, көлденеінін тоқпалады және жыңғыл шыбықтары өсемделіп шыбылмайды. Мұнда да қоршау мықты тұру үшін, алдымен әр жерден дірегі орнатылады. Бұл жолы діректердің арасына белдеулер қағылмайды, оның орнына бірнеше жерден қалыңдығы аса жуан емес қызықтар қағылып шығады. Қағылған қызықтар арасынан көлденеінен жыңғыл шыбықтары алмақезек өткізіліп нығыздап өріліп шығады. Қоршау биіктігі бір жарым, екі құлаштай болады.

Жыңғыл бұтасы бір-бірімен кірігіп, байланысып өсетіндіктен ашық қораяқ салуға да қрайлы материал болып саналады. Оның төрт-бес жастағы бала-шығаннан жасалған қораны жыңғыл қора деп атайды. Оған қой-ешкі тариді ұсақ малды қамайды. Сыр өңірінде жыңғылдан салынатын қораның бір түрі түде



Үй айналасы жығылмен қорша.  
Алматы облысы, Балқаш ауданы, Исаев аылы. Фотосурет автордың жеке қорынақ.

қора деп аталады. Бұлай аталу себебі, аталмыш қора жасы он бесжырма жылдық жығылдан жасалады, әрі биік болғандықтан түйенің соған мойны жетпейтін кәрінеді. Бұл айтылғандармен қатар, Балқаш ауданында қамыстан төбесі ашық қора салған кезде ашыққан ірі қара оның қамысын ұрып жеп қоймауы үшін қамыс сыртын шоғырмен, ішкі жағын жығылмен торып шығатын болған [7, 362-365-бб.].

Жығыл шыбықтарынан аула сыпыратын сыпырғы, жүн сабайтын сабеу да жасайды. Кейде оның жуандау бұтағын түйеге артылған жүк ауыл кәтпелі үшін байланатын арқанды бұрайтын бұрау немесе тоғанақ деп аталатын құрал жасауға да пайдаланған [8, 556-6.]. Тәрі өңдеуде жығыл қабығы бояу ретінде пайдаланған. Ісмерлер жығыл дінінен өртүрлі қолөнер бұйымдарын жасаған. Тіпті, өртеректе жаңғыл өсетін ауылдарда әке-шешелері балаларына санамақ үйрету үшін, жығылдың жіңішке, ұсақ бұтақтарынан ұзындығын бір қарыстай етіп, әдемілігі, біркелкі көсілген тақшалар жасап берген деген де мәлімет кездеседі. Бұл айтылғандардан басқа, жазушы Қуандық Түменбаевтың айтуынша, өртеректе Сыр өңірінің қазақтары жығыл шыбығын сыртың қабатында болатын ақ түсті, дөмі тәтті ұнтақтан суымен әзірлеген. Ол ұнтақ жығыл бойында тіршілік ететін сымыр деген жәндіктің бөліп шығаратын сөлгі өкен [9, 170-6.]. Жығылдың тағы бір «құмбақ» қасиеті туралы, мәлімет беруші, ғалым Хамит Айтқұлдың айтуы бойынша, Түркістан өңірінде ақ көбір немесе қара көбір болып жатқан сор жерге жығылдың бұтасының қаламдап кесіп, кесілген қаламшаны сор, бағлақты жерлерге шаныпп тастайды. Шамамен арада үш-төрт жыл өткенде өлгі сордың кені (тузы) кетіп, топырағы құнарлы жерге айналады. Осындай құнарланған жерлерді тұрындар өгістікке пайдаланып отыраған.

Кейбір өлдерде жығылдың бойында адам дертіне шипа болатын қасиеті бар деп жоғары бағалайды. Мысалы, Шығыс медицинасында, атап айтқанда, Тибет емшілері оның қабығы мен тамырынан тұнба дайындап, асқазан-ішек жолдарын емдесе, жапырағын буын ауруларын емдеуге, шыршымен тәрі

ауруларына қолданған [5, 7-6.].

Қазақтың рухани өмірінде де жығылдың өзіндік орны болды. Ертеден қалған наным-сенім бойынша жығылдың түбінде ұйықтауға болмайды. Жығылды жерде жып жүреді деп сенген. Сонымен қатар, үйдің үлкендері жасы кішілерге малды жығылмен айдатпайды. Одан қамшы сабын жасамайды. Себебі, жығыл қатты жымысты болғандықтан, жығылмен мал айдау жамандық нышаны деп тыйым салды. Бұл тыйым: *Кендірмен байлама, Жығылмен айдлама, Кендірмен байласан, Жығылмен айдасан Мал бітер деп олама* – деген сөз орамында көрініс береді.

Халық тілінің паремиологиялық қорында жығылмен байланысты мақал-мәтелдер де бар. Соның бірі: *Жасық жолдастан жығыл таяқ артық, Жасықтың көбінен асылдың назы артық. Жығыл атауымен байланысты Жығылбай, Жығылды шолы, Жығылдыкөл, Жығылөзек, Қызылжығыл, Қаражығыл, Жығылдыарық, Жығылбөбет және т.с.с. қойылған өлді-мекен, жер-су атаулары бар.*

## РЕЗЮМЕ

**Тімур Болсынбек. «Нісі жұпар аңқып жығыл өссе».**

В статье рассматриваются свойства небольшого кустарникового дерева «гребеншик» (жығыл), а также способы его использования в традиционном хозяйстве, быту и в народных приметах казахов.

## SUMMARY

**Timur Bolsynbek. «Нісі жұпар аңқып жығыл өссе» (about use of a rower /dzhengil/ in life and economy at Kazakhs).**

In this article the properties of grebenshik is considered, its use in traditional household, mode of life and folk beliefs.

## ӨЛЕБИЕТ

1. Уахханов Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
2. Мәуленов Сырбай. Алыс кетіп барамын. Өлеңдер // Құраст.: К.Әмірова, К.Сырбайұлы. Алматы: Атамұра, 2003. – 192 б.
3. Бекмұхамбетов Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан, 1977. – 200 б.
4. Валыханов Ч. Избранные произведения // под редакцией академика АН КазССР А.Х.Маргуланова. Алматы: Изд-во Казахской Государственной художественной литературы, 1958. – 643 с.
5. Әмірханов Б. Сексеуіл. Жығыл // Тұрайтан. 14 маусым 2007 ж. №24, 7-б.
6. Жығыл // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әзімбай. Энциклопедия. 2-т. Е.-И. Алматы: РПК «СЛОН», 2012. – 736 б.
7. Болсынбек Т. Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы мен тұрмысында қолданылатын алтын орны // «VIII Орабиел оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. 1-2 сәуір 2016 жыл. Алматы: Қазқ университеті, 2016. – 593 б.
8. Баруу // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әзімбай. Энциклопедия. 1-т. А.-Д. Алматы: DPS, 2011. – 736 б.
9. Түменбаев К. Сексеуіл, баялшы пен желтоғаны // Жұлдыз, 1998. №5. 159-171-бб.